



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Қазақ поэзиясының пайғамбары

Таң ерте атса да, қала көшелері күндегідей абыр-сабыр емес. Көңілдер күйбеңнің күйін шертуден шаршағандай ептеп тынышталып қалған. Ал, «Шалқыма» концерт залының алдындағы қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының еңселі ескерткішінің маңында кісі қарасы қалып. Бәрінің қолында құрмет нышанын аңғартатын гүл бар. Иә, Абай күні мерекесін қарағандылықтар осылайша ерекше көңіл күймен қарсы алды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Хакім ескерткішіне арнайы келгендер қатарында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмақенов, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Нұржан Лияш, «Гасыр адам», атақты ғалым Темірғали Көкетаев, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, акын Серік Ақсұңқарұлы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері жазушы Төрехан Майбас, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы Сүйіндік Жанысбай, мемлекеттік қызмет ардагері Ниханбай Омарханов, қоғам белсендісі Майра Әбдірахманова және басқа да зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары, студент жастар бар.

Алдымен, қазақтың дәстүрлі ән өнерінің Арқадағы белді өкілі, «Құрмет» орденінің иегері, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Сержан Мұсайын әуелете ән шырады. Кейін аға буын өкілдері бастап ақын рухына тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Қазақтың керемет жазушысы Асқар Сүлейменовтің «Қазақ ес кіргенде, Абай ескірді» деген сөзі бар еді. Мұны «Асығыстықпен айтты» дейтіндер де кездеседі. Асқар ағамыз дұрыс айтқан екен. Өйткені, біз Абайды әлі күнге дейін игере алмай келе жатырмыз. Хакім шығармалары бізбен бірге жасап келеді, жасай береді де. Ал, біз Абайдың шекпенінен шыға алмай жүрміз. Абай деген, тек поэзия немесе өлеңнің болмысынан тұратын адам емес. Ол – философиядан, пәлсападан тұратын тау тұлға. Біз Абайды игере алмай отырғанымызбен қатар, өлеңдерін, қара сөздерін шет ел тілдеріне аудармай келеміз. Сондықтан да, «Абай аударуға келмейтін ақын» деп жүрміз. Себебі – біреу. Абайдың барлық шығармасы философия мен пәлсападан тұрады. Философия – өмірдің өзі алып келген пайым, пәлсапа – көктен түскен пайым. Бұл екі пайым қосылса, өмірде ғұламалар пайда болады. Абай сонысымен де хакім, ғұлама болып тұр. Асқар Сүлейменов дұрыс айтқан. Өйткені, біз Абайды мақтаймыз, бірақ, шығармасының ішіне, жан дүниесіне, болмысына әлі



кіре алмай жүрміз. Оның туындылары әлемнің көптеген тілдеріне аударылып тиіс. Осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтқан сөздері әлі өзекті және алдағы уақытта маңызын жоймайды. Абайдың туындыларын Абай күнінде ғана емес, үнемі насихаттау керек, – дейді жазушы Төрехан Майбас.

Гүл шоқтары қойылып жатқанда ақынның еңселі ескерткішіне қарап тұрып, оның асқақтығына, биіктігіне іштей сүйсіндік. Ойының бірнеше ғасыр алға озып кеткеніне таң қалдық. Ақынның соңында қалған мұрасын толық тани алмай жатсақ, өз кінәміз ғой деген де ой келді. Ол өлең жазса да, ән жазса да жеріне жеткізіп жазған. Не деген талант! «Желсіз түнде жарық ай» әні баяу ғана ойнап тұрды. Құлағымызды жазушы, ардагер журналист Сүйіндік Жанысбай ағамыздың сөзіне түрдік.

Абайды дәріптеп-ақ жатырмыз. Бірақ, бұл – өте аз. Өйткені, кейде Абайдың тізесіне де келмейтіндерді жер-көкке сыйғызбай мақтаймыз. Кейбіреуі өзін «Абайдан асып кеттім!» деп те жатады. Осы бізді қынжылта-

ды. Бір айта кетерлігі, ғалымдарымыз, жазушыларымыз, жауапты адамдар Абайдың канондық шығармаларының толық жинағын шығарып біткен жоқ. «Мынау – нағыз Абайдікі, енді, бұл сөзді өзгертуге болмайды!» деп айтатын, көрсететін сондай өлеңдер жинағы қажет. Мысалы, Гетеден аударған «Желсіз түнде жарық ай» деген туындысын кейбір әнші, ақындар «Ауылдай жаны терең сай, тасыған өзен гүрлідеп» десе, енді бірі «Ауылдың маны терең сай, тасыған өзен гүрлідеп» дейді. «Маны» болса, көлемді болады да, ауылдың айналасы толған өзен болып кетеді. Негізі «Ауылдың жаны» болуы керек дұрысы. Яғни, өзен ауылдың жанынан ағып өтеді деген сөз. Міне, сондықтан да, канондық шығармаларының жинағына зоруміз. Сосын, Абайды айтқанда Әлиханлы, Ахметті айтпай кете алмаймыз. Өйткені, Абайдың туындылары жөнінде алғаш пікір айтып, мақала жазып, насихаттауды бастаған осы Ахмет, Әлиханлар. Абай күні – осы игі істің занды жалғасы. Тоқтамаса екен, – деп атап өтті Сүйіндік Жанысбай.

Сонымен қатар, ақын рухына тағ-

зым ете келген жастардың да өз айтары бар. Солардың бірі, жас мұғалім Ербол Жаңабасев хакім шығармаларын өмірлік ұстаным қылып жүрегінде сақтап, сонымен өмір сүретінін айтады.

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген терең мағыналы сөзі жүрегіме сақталып қалды. Туыстарыма, достарыма, таныстарыма үнемі осы сөзді айта жүремін. Осы үш қасиет бойынан табылып, соған амал қылған жан адаспайды. Өмірден өз жолын тауып, «Дүниенің кетігіне кірпіш болып қаланып», жұрттың мақтағанына алданбай, өзінің адал еңбегіне сеніп, жан-жағына нұр шашып жүре алады. Абай күні жылда тойлаймыз. Керемет бастама. Болашақта «Қасым күні» деген мереке белгіленсе де, қуана құптар едік... Тағы бір айтарым, алдағы уақытта Абай шығармашылығы бойынша Абай күні қарсаңында жастар арасында ғылыми-зерттеу бағытында байқаулар ұйымдастырылса, құба-құп. Абайтануға аз да болса жастар да үлес қосар еді, – дейді Ербол Маратұлы.

Байқасақ, Абай күні бос дабыра емес, келелі де тағылымды жұмыстарға, зерттеулерге ұласқалы тұр. Ендеше сан алуан пікір, түрлі көзқарас, тың идеялар баршылық. Қажеттісі болса, алдағы уақытта ескеріле жатар деп үміттенеміз...

Суреттер ұйымдастырушылардан

• БІЛІМ

«Үздік педагог» байқауы басталды

Білім күні қарсаңында елімізде «Үздік педагог» байқауы басталды. Жеміпәздарға 3 млн 692 мың теңге көлемінде сыйақы беріледі.

Ауылым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері қатыса алады. Конкурс үш кезеңнен тұрады. Екі кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған педагогтер республикалық деңгейге өтеді. Байқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау, тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалау uzdkustaz-nobd.edu.kz веб-порталында жүзеге асырылады.

«Үздік педагог» республикалық конкурсы – 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатқан дәстүрлі байқау. Осы уақытқа дейін 700-ге жуық жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған мықтылар анықталды.

«Үздік педагог» атағына білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін және құжаттарды тапсыру кезінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар педагогтер үміткер бола алады. Бұл – балабақша, мектеп, колледж мұғалімдері. Байқау аясында мұғалімнің білім саласын дамытуға қосқан үлесі, ұстаз қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі ескеріледі, – делі Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев.

Айта кетейік, «Үздік педагог» атағы иегерлеріне 1000 АЕК көлеміндегі ақшалай сыйақы ғана емес, төсбелгілер де беріледі.

• ӘЛЕУМЕТ

Баспанаға сұраныс артты

Қазақстанда өткен айлармен салыстырғанда баспанаға сұраныс артты.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылғы шілдеде тіркелген тұрғын үйді сатып, алу-сату мәмілелерінің саны 40 099-ды құрады. Оның 9 126-сы жеке тұрғын үйлерге, ал, 30 973-і көпқабатты үйлердегі пәтерлерге қатысты келісімшарттар.

2024 жылғы маусыммен салыстырғанда тұрғын үйді сатып, алу-сату операцияларының саны 21,7%-ға өсті. Мәмілелер саны бойынша Алматы (7 091) және Астана (6 843) қалалары және Қарағанды облысы (3 208) көш бастап тұр.

Ұлттық статистика бюросы мәліметіне сүйенсек, Батыс Қазақстан облысының қоспағанда (5%-ға аз) биылғы шілдеде еліміздің барлық өңірлерінде транзакциялардың өсуі тіркелді. Биылғы маусыммен салыстырғанда көпөтерлі үйлердегі тұрғын үй операцияларының саны 24,5%-ға артты.

Өз тілшімізден

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Жаңаталапта жаңа мәдениет үйі

«Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында аудан орталықтарын, ауылдарды дамытуға баса назар аударылуда. Бұл бастама облыс аумағында да сәтті жүзеге асырылып жатыр. Атап айтсақ, Бұқар жырау ауданының Жаңаталап ауылында жаңа салынған клуб пайдалануға берілді.

Аталған мәдени ошақ ғимараты аудандық бюджет есебінен салынған. Қазір ауыл тұрғындары жаңа ашылған мәдениет үйіндегі үш көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, өнерін шыңдап, талабын ұштап жүр.

Заманға сай жабдықталған клубта көркемөнер залы, кітапхана, үйірмелерге арналған үш бөлме бар.

Ғимарат – судай жаңа, 150 орындық. Домбыра және вокалдық үйірмелер, қазақ мәдениетінің бұрышы жұмыс істейді. Драмалық және хореографиялық үйірменің, алдағы уақытта қолданбалы шығармашылық үйірмесін ашу жоспарлануда. Бұған дейін Жаңаталап ауылында клуб болмаған. Бірақ, аудандық көркемөнерпаздар байқауына

тұрғындар үнемі қатысып келеді. Өйткені, ауылда көптеген шығармашылық жастар бар. Талантқа еш кедергі жоқ қой. Ал, жаңа клуб сол таланттардың ысылуына көмектесіп, үлкен өнерге жол ашарды, – делі Бұқар жырау аудандық мәдениет үйінің директоры Қазбек Талашов.

Алда қыс келе жатқандықтан, ғимаратты жылыту мәселесі де алдын ала ойластырылған. Нақтырақ айтсақ, мәдени нысан жеке тұрған қазандықпен жылытылады. Келесі жылы ауылдық клубтың айналасын абаттандыру жоспарланып отыр.

Клубтың ашылу салтанатына Алматы шаһарынан дәстүрлі әндердің танымал орындаушысы, дүлдүл әнші Гүлбаршын



Тергеубекова арнайы келіп қатысты. Сонымен қатар, ауыл өнерпаздары да ән мен биден шапу шашты. Осылайша, ауыл жұртшылығы жаңа мәдениет үйін әсем

ән мен тәтті күйдің құшағында тербеліп, бір жасап қалды. Енді клуб жұмыс жүріп тұрса, мұндай тағылымды жиындар жиі өтіп жатса, ауыл тұрғындары сол мәдени

кештерге үнемі қатысатындарын айтады.

– Енді аудан орталығына сабылмаймыз, концерт іздеп. Сүйікті әншілеріміз немесе халық театрлары концерттік бағдарламамен, қойылыммен келсе, қуана қарсы аламыз. Ғимаратымыз жаңа. Бұл – керемет жаналық. Бала-шағамызбен қуанып, мәресіре болып жатырмыз. Жолдасым Ербол да жұмыстан шаршағанда концерт көргенді, ән тыңдағанды ұнатады. Қалада тұрғанда әншілердің кештеріне жиі баратынымыз.

Ауылға келгені сол күндерді аңсап жүр едік. Тілегеніміз алдымыздан іздемей-ақ табылды. Немеремізді ертіп, барып тұрамыз. Аудан әкімдігіне, ауыл басшылығына шексіз ризамыз. Әншілердің құлағына алтын сырға, Жаңаталапқа келіп тұрсын, ұмытпай, – дейді ауыл тұрғыны Тендік Қуатбекова.

Өз тілшімізден

Сурет облыстық әкімдік сайтынан



• ВИЦЕ-МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Экология ыждаһаттылықты талап етеді

Елдің индустриалды жүрегі әрі тірегіне айналған Қарағанды аймағы үшін экология мәселесі – өзекті. Өндірісті өңір бұл істе қол қуырып, қарап отырған жоқ. Десек те, ірі өндірістер бұл мәселені жіті назарда ұстауды талап етеді. Аймақтың ел бойынша зиянды қалдықтар шығарудағы үлесі – 21 пайыз шамасында. Бұл – 479 мың тонна. Теміртау қаласы облыстағы ең көп зиянды қалдықтар шығаратын шаһар ретінде қалып отыр. Теміртаудың бұл орайдағы «еншісі» – 48 пайыз. Жалпы, аймақта негізгі ластанушылар – «Qazmet» АҚ және «Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС кәсіпорындары дейді Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев Қарағанды қаласында облыс тұрғындарымен, коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдарының өкілдерімен кездесті.



Вице-министр Қарағанды аймағындағы экология ахуалына тоқталды. Оның айтуынша, ірі өндіріс орындарынан шығатын зиянды қалдықтарды бақылау мақсатында министрлікке деректерді бере отырып, мониторингтің автоматтандырылған жүйесін

енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. Бүгінгі таңда облыста жүйені 10 кәсіпорын енгізсе, үш кәсіпорын жүйені орнату кезеңінде көрінеді. Жалпы алғанда, автоматты мониторинг жүйесін қалдық шығаратын 60 нүктеге орнату көзделуде.

Өңірдің экологиясын жақсарту мақсатында облыстың 2020-2024 жылдарға арналған экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі жол картасы бекітілген. Ол картада 50 шара бар.

Қазіргі уақытта карта негізінде жұмыстар жүріп жатыр. Мысалы,

Жол картасы аясында Қарағанды және Теміртау қалаларын газдандыру, «Kazakhmys Smelting» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауытында күкірт қышқылы цехының екінші желісін салу, кәріз желілері мен тазарту құрылыстары, қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары мен жасыл желектерді ұлғайту жұмыстары қолға алынған.

Бұдан басқа, Қарағанды облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілгенін атап өткен жөн. Оған жерді рекультивациялау жөніндегі шаралар, сондай-ақ, қоршаған ортаны жақсарту жөніндегі маңызды жобалар кіреді.

Тұрмыстық қалдықтардың заңсыз полигоны да экологияға соққы болып тұр. Дегенмен, кейінгі уақытта бұл полигондар кеміп келеді. Кездесуде жария етілген деректер де облыста рұқсат етілмеген полигондардың азайғанын мәлімдейді.

Мәселен, мұндай 2021 жылы 1360 орын анықталса, 2023 жылы – 739 (2022 – 745), ал, 2024 жылы – 335-ке кеміп, екі есе азайған екен. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан мұндай заңсыз полигондарды жою ұдайы назарда. Айталық, соның нәтижесінде, былтыр осы полигондардың 92 пайызы, биыл 45 пайызы жойылған. Бұл жұмыс үздіксіз жалғаспақшы.

Кездесу аясында вице-министр азаматтарды жеке қабылдап, БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Өз тілшімізден

Мың адамға жұмыс бар



Мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайы аймақ басшысының үнемі назарында. Осы орайда облыста жыл басынан бері мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан жұмыспен қамтылды. Ермағанбет Бөлекпаев кезекті кеңесте атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыста 55 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі адам тұрады. Олардың жартысына жуығы еңбекке жарамды. Жұмыс істейтіндер саны – 11 743. Осы ретте облыс әкімінің тапсырмасы аясында мүгедектігі бар қанша адамның жұмысқа мұқтаж екендігіне талдау жүргізілді. Қалалар мен аудандарда мүмкіндігі шектеулі адамдар жұмысқа орналаса алатын кәсіпорындар саны қайта қаралды. Нәтижесінде осы санат үшін жұмыс орындарының квотасы екі есеге – 113-тен 219-ға дейін ұлғайтылды.

– Квотаға сәйкес бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар 134 адам жұмысқа орналастырылды. Жұмыс берушілер мүгедектіктің үшінші тобы есту қабілеті бұзылған адамдар үшін 11 арнайы жұмыс орынын құрды. Қарағандыда екі жұмыс орнына тағы бір өтінім бар, – деді жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова.

Басқарма мамандары бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі 1039 адамды жұмыспен қамтуға жәрдемдесуде. Бос орындар жәрмеңкелері үнемі өткізіліп тұрады. Сондай-ақ, «Күміс жас», «Алғашқы жұмыс орны» жобалары және қоғамдық жұмыстар, жастар тәжірибесі сияқты шаралар көмектеседі.

Әсем Жүніспекова мүгедектігі бар адамдарды қандай лауазымдарға қабылдайтынын нақтылады. Оның ішінде тазалаушылар, күзетшілер, құрғақ тазалау және аяқ киім жөндеу

шеберлерінен бастап бухгалтерлер, әкімшілерге де жұмыс қарастырылған.

Облыста тұрғындарды жұмысқа орналастыруға көмектесу үшін Jutys Tar әлеуметтік жобасы іске қосылғанын айта кеткен жөн. Барлық ниет білдірушілер жаңа мамандықты тегін оқи алады. Қысқа мерзімді курстарға қабылданғандардың арасында мүмкіндігі шектеулі адамдар да бар. Олар шаштараз, маникюр шебері, аспаз, бухгалтер-кассир, бағдарламашы, тігінші сияқты мамандықтарды таңдады.

Сонымен қатар оларға күтім жасайтын адамдар да цифрлық мамандықтар бойынша білім ала алады. «Террикон алқабы» базасында арнайы курстар ашылды. Қазір онда 50 адам білім алууда.

Сонымен қатар, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін үйренуге де мүмкіндік бар. Содан кейін өз жобаныңды қорғап және істі бастау үшін грант ала алу қарастырылған.

Кездесуде қосымша шаралар туралы да айтылды. Облыс әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі кеңесшісі «Ten Qogam» орталығының басшысы Нияз Сүндеталиев кәсіпорындарда тағылымдамалардан өту бағдарламасын әзірлеу қажет екенін атады. Ермағанбет Бөлекпаев бұл ұсынысты қолдады.

– Жұмыс жүргізілуде, бірақ, барлық мүмкіндіктер мен қолда бар бағдарламаларды пайдалана отырып, одан да көп жұмыс істеу керек. Біз өзіміз үшін міндеттеме алдық, оларды орындау керек, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Шахтинскіде шаруа қауырт

Өткен жылы Энергетика министрлігі өңіріміздің жылыту маусымына дайындығын төмен деп бағалады. Қателеспеді. Былтыр қазандығы, құбыры тозған бірнеше қала қалтырамаса да, жылу беру шаруашылығында шикіліктер болды. Әсіресе, осы мәселе бойынша Шахтинск қаласының тұрғындары шамырқанды. Сол себепті «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС-інде шаруа қауырт, қысқа қамданыс қызу.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылыту маусымына дайындық қызу. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск ЖЭО-на бірнеше рет барып, жөндеу жұмыстарының сапасын тексеріп, станция басшылығымен және мердігерлермен жиі кеңес өткізіп, қадағалауында ұстап отыр.

– Қазір үш қазандық агрегаттың монтаждау, бөлшектеу жұмыстары жүргізілуде. Екі турбоагрегатта ағын бөлігі бойынша жұмыстар аяқталды. Генераторлар бойынша жөндеу жұмыстары аяқталуда. Қазандықтарға келетін болсақ, екеуі дайын, қазір монтаждауға дайындық жүріп жатыр, алдағы уақытта тағы үшеуі орнатылады. Бұл жұмыстар қыста жылу энергиясының сапалы бөлінуіне септігін тигізеді. Жұмыс кесте бойынша уақытпен жүргізіліп келе жатыр, – дейді «Шахтинсктеплоэнерго» ЖШС техникалық директоры Абылай Сейдуәлі.

Қазіргі кезде үш қазандық пен екі турбогенераторды жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Бірінші қазандықтағы жұмыс 1 қыркүйекке дейін, №4 қазандықтағы жұмыс 15 қыркүйекке дейін және №3 қазандық алдағы жылу беру маусымы басталғанға дейін аяқталады деп отыр мердігер ұйым.

Мұнымен қоса, кәсіпорында магистральдық және токсандық құбырларды ауыстыру жұмыстары қызу. Жоспарланған 7 учаскенің 6 учаскесі, яғни, Молодежная көшесінен Индустриальная көшесімен



қиылысу аумағында, №5 павильонға қарай, Молодежная көшесі бойынша Орталық-3 шағын ауданына қарай, Жеңістің 40 жылдығы бойынша Парковая көшесіндегі 43а үйге қарай, ТК-1А-дан ЖЖС қарай, Қазақстан көшесіндегі 124 үйден Жеңістің 40 жылдығы көшесіндегі 62 үйге қарай, «Шахмарт» сауда үйінен Жеңістің 40 жылдығы көшесіндегі ТК-327-ге дейін жөндеу жұмысы жүргізілген.

Жылу желілерінің учаскелері бойынша «Шахмарт» дүкені аумағында құбырларды монтаждау жұмысы сәтті жүргізілді. Қазір тротуарды қалпына келтіріп, ау-

мақты абаттандыру жатыр. «Крокус» дүкені аумағында құбырларды бөлшектеп, бірден монтаждау жұмыстарына кірісті.

Шахтинск қаласында осы жазда жалпы 3,7 шақырым жылу желілерін ауыстыру жоспарланған болатын. Жұмыстың негізгі көлемі орындалды. Сонымен қатар, 2 шақырым құбырдың жылу оқшаулағышы қалпына келтіріледі.

Шахтинск қаласының жылу электр орталығында жөндеу жұмыстары кешені 70 пайызға, Шахан кентінің қазандығын жөндеу жұмыстары 85 пайызға орындалған. Жауапты мердігерлер жөндеу жұмыстары жылу беру

маусымы басталғанға дейін аяқталады деп сендірді.

Онымен қоса, осы аптада көмір жеткізу бойынша тендер қорытындыланады.

Өткен аптада жоғарыдағы жұмыстарды бақылап қайтқан аймақ басшысы Ермағанбет Қабуллаулы қала басшылығы мен ЖЭО-ға жылу беру маусымына дайындықтағы жауапкершілікті сезіну керектігін жеткізді.

– Сіз қысқа дайындық үшін жеке жауап бересіз. Қаржыландыру бар, барлық мәселелерді уақытылы шешіңіз! Нақты нәтижелерді күтеміз. Қала тұрғындарының үйіндегі жайлылық жылу көзінің тұрақты жұмысына байланысты, – деді облыс әкімі.

Қыстың қамын қазір ойлаған олардың бұл жолғы қысқа дайындығы қауырт. Жұмыстың кестеден кешікпеуімен қоса, сапасы да қатаң бақылауда дейді. Дегенмен, жер қарайғаннан бергі жүйелі жұмыстар соң Шахтинск тұрғындары қалтырамауы тиіс. Оны алдағы қыс айқындайды.

Қыстың қамын жазда ойлағандардың өкінібесі анық.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• САЙЛАУ-2024

Аудан халқы таңдауын жасады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған саяси реформалардың жалғасы ретінде Ақтоғай ауданында екінші рет әкім сайлауы өтті. Қарағанды облысы бойынша Ақтоғай ауданы тұрғындары әкімін өздері таңдады. Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Жанболат Райымбековтің мәлімдеуінше, Ақтоғай ауданында 4698 адам дауыс берген. Қарсыластарынан басым түскен Абылай Аманжолов ауданның жаңа басшысы болып сайланды.

Нұрдіс КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Еліміз үшін маңызды саяси шараның уақытында үш кандидат өздерінің үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Барлығына бірдей басымдық берілді. Сайлау комиссияларына да арыз-шағым түскен жоқ. Сондықтан, халық бұл жолы да өз таңдауын жасады деген сеніммен айта аламыз. Ақтоғай ауданында әкім сайлауына байланысты 38 сайлау учаскесі талапқа сай жұмыс істеді.

Сайлау учаскелерінде заң бұзушылық тіркелген жоқ. Аудан бойынша сайлау учаскелеріне барлығы 10 213 адам тіркелген. Қазіргі шығарылған қорытынды есепке сүйенсек, дауыс берген 4698 сайлаушы, оның ішінде, есептен шығару куәліктері бойынша – 12, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 261. Нәтижесінде Ақтоғай ауданында Абылай Аманжолов жеңіске жетті. Ол үшін сайлауға келген 2997 сайлаушы дауыс берген. Оның бәсекелестері Қайрат Нөкеш пен Орал Стыбаев тиісінше 1424 және 59 дауыс жинады. «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 60. Сайлау қорытындыларымен Ақтоғай ауданының әкімі болып Абылай Базылұлы Аманжолов сайланды. Ол бұған дейін аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарған, – деді Жанболат Райымбеков.

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы өкілдігінің мәлімдеуінше, аудан әкімдерін тікелей сайлау – жал-



пы өзін-өзі басқару жүйесінің маңызды бөлігінің бірі. Сондықтан, аудан әкімін тікелей сайлаудың нәтижесі өте маңызды. Бұл бір жағынан сайланатын әкімнің жауапкершілігіне байланысты.

Екінші жағынан халықпен қарым-қатынастағы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасының шын мәнінде, жүзеге асуына толықтай өз үлесін қосады. Егер сайланған әкімді халық жарамсыз деп санаса, онда оған мәслихат арқылы сенімсіздік білдіреді. Мәслихаттың құрамы да бұрынғыдай партия тізімімен емес, ауыл, аудан, қала деңгейінде толықтай мажоритарлық сайлау жүйесі арқылы жүзеге асады. Бұл – жергілікті белсенділерге, туған жерінің дамуына үлесімді қосамын деген азаматтарға жол ашады. Бұл – тікелей сайлаудың артықшылықтары. Әкім мен халық арасындағы байланыстың нығаюына, жауапкершіліктің артуына және жұмыстың тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Ақтоғай ауданы

ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Ерек көрме, бөлек болмыс

Абай күні күніне орай аймағымызда бірнеше шара ұйымдастырылды. Соның бірі – Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайында жалғасын табуда. «Абай шығармашылығының музейлік түсіндірмесі» атты философиялық экспозицияны тамашалап, әсерге бөленуге шақырады.

Аталған экспозицияда Абайдың шығармалары музей экспонаттарымен ұштастыра отырып қойылған.

Көрме өз жұмысын бастады. Экспозицияның ортасында қазан мен бұтақтары шаңыраққа қарай ұмтылатын ағаштар орналасқан. Жапырақтарда махаббат, өнер, ғылым және т. б. туралы өлеңдері, сондай-ақ, Абайдың дана сөздері мен аудармалары бар.

Ақынның шығармаларын мұражай тұрғысынан ашаптын экспонаттар қойылған.

Мысалы, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алла деген сөз жеңіл» сияқты өлеңдерін мұражай қызметкерлері Құран кітаппен, жайнамазбен және тағы басқа да үйлесімді дүниелермен

байланыстырған.

Ал, бүркіт, түлкі терісі мен ер-тоқым «Қансонарда бүркітші шығады аңға» туындысын суреттейді.

Махаббат лирикасын домбыра, әйелдер бас киімі және «Көзімнің қарасы» әніне арналған ноталар сүйемелдейді.

– Көрмеден ғажап әсер алдым. Керемет ерекше әдіс-тәсілді пайдаланып, жасалған. Шындығында, көркем туынды шынайы өмірмен жақындастырылғанда әсері бөлек болады екен. Қалыпты көрмеге қарағанда көрермендер де көп жиналады екен. Тіпті, кейбір жеріне келгенде кезек күтуімізге тура келді. Ұйымдастырушылардың тапқырлығы мен ойынның ұшқырлығына таң қалдым. Демек,



ұйымдастырушылар хакім туындыларымен жақсы таныс деген сөз, – дейді Теміртау қаласының тұрғыны Ерболат Ерболатұлы.

Қазақ ақыл-ойының ерекше құбылысы, қазақ жазба әдебиетінің басында тұрған Абай Құнанбайұлының бөлек болмы-

сын әсерлі жеткізген ерекше көрме осылайша қала тұрғындарына қайталанбас көңіл күй сыйлауда.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімінің сайтынан

ЭНЕРГЕТИКА

Газ қондырғылары жүйелі жөнделеді

Теміртау қаласында газ таратуға арналған қондырғыларды жөндеу жұмысы жүйелі жүріп жатыр. Бұл мәселе аймағымызда қазір өзекті болып отыр. Сондықтан да, жұмыстың жүру барысы облыс басшылығының жіті қадағалауында тұр.

Нақтырақ айтсақ, төрт күрделі жөндеуден өткен газгольдер қыркүйек айында көпқабатты 19 үйді газбен жабдықтауды қайта бастайды. Қазір мердігер компания найзағай қауіпін сақтайтын қажетті электрохимиялық қорғанысты қосып жатыр.

– Электрохимиялық қорғаныс орнатылды. Жақын арада техникалық шарттар дайындалады. Содан кейін ғана ол электр желілеріне қосылмақ. Газгольдерлерге найзағай түскен жағдайда жарылыстардың алдын алу үшін қорғаныс қажет екенін айта кету керек. Бұл да назардан тыс қалмайды, – деді Теміртау ТКШ бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ақылжан Уақитов.

Теміртау қалалық ТКШ бөлімінің балансында 17 газ тарату қондырғысының 11-і бар. Биыл ГТҚ орнатылғаннан бері алғаш рет оның төртеуін жөндеуге қаражат бөлінген.

Қала орталығының газ ұстаушы жабдықтары осы кезге дейін күрделі жөндеуден көрмеген. Газ тарату желілері де тозған. Келесі жылы тағы жеті газ тарату қондырғысын күрделі жөндеу жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатқанын атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімінің сайтынан

Қарағанды қаласы әкімдігінің қаулысы

Қарағанды қаласы

№ 45/07

09.08.2024

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Кодекстің 84-бабында белгіленген ерекше жағдайлардың тізбесіне жататын объектілерді салу, атап айтқанда, төменде аталған жер учаскелерінің нысаналы мақсаты Қарағанды қаласының егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына қайшы келетін егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын іске асыру жолымен автомобиль жолдарын, магистральды құбырларды, инженерлік-коммуникациялық желілерді және елді мекендердің жалпы пайдалану объектілерін салу (қайта құру) бөлігінде елді мекендердің бас жоспарларын орындау мақсатында Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі жер учаскелеріне қатысты мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі қозғалсын:

1) Қазыбек би атындағы аудан, Ержанов көшесі, 47/5 үй, ауданы 0.1950 га, кадастрлық нөмірі 09-142-157-304, жекеменшік құқығында Степанова Оксана Викторовнаға тиесілі;

2) жалпы үлестік меншік құқығында Шефер Илья Рудольфович пен Шефер Ирина Николаевнаға тиесілі Қазыбек би атындағы

аудан, Юбилейная, ауданы 0.1512 га 78/1 уч., кадастрлық нөмірі 09-142-174-267;

3) Қазыбек би атындағы аудан, Юбилейная, 78 уч., кадастрлық нөмірі 09-142-174-105, жалпы ауданы 0.4830 га, оның ішінде ауданы 0,3111 га «Надежда» Демалыс Орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне және ауданы 0,1719 га Шефер Илья Рудольфович пен Шефер Ирина Николаевнаға тиесілі, ауданы 0,1719 га уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлестік жер пайдалану құқығына;

4) Қазыбек би атындағы аудан, Юбилейная, ауданы 1.5134 га 78/2 уч., кадастрлық нөмірі 09-142-174-266, «Buildary» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі, жекеменшік құқығында;

5) Қазыбек би атындағы аудан, Республика даңғылы, 2/3 уч., ауданы 0.0600 га, кадастрлық нөмірі 09-142-138-2327, Тойжанов Лайль Дилдабеконға тиесілі

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2024 жылғы 9 қарашада белгіленсін. Келісімдік рәсімдерді жүзеге асыру үшін меншік иесінің өтініш беру орны болып өтініш беру арқылы Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39, 425 кабинет мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Шақенов Д.А.) анықталсын.

4. «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Лияш Н.А.) осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде аталған қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. «Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Шақенов Д.А.) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 64-бабы тәртібінде жер учаскелерінің меншік иелерін хабардар етсін.

6. «Қарағанды қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі» ММ (Жашкеев Т.Б.) жер учаскелерін бағалау жөніндегі жұмысты жүргізу және заңнамада белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

М.КОЖУХОВ,

Қарағанды қаласының әкімі

АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ АЗАМАТ

Орманшылар Отаны

Орман – жердің дәулеті. Ел тынысына айналған осы бір байлықты бағаламай, қызғыштай қорып келе жатқан орманшылар дәулеті бар. Туыс-туғанымен әбден машықтанған орманшы мамандығын Қарқаралы еліне сый-қадірі бар Махмұт әулетінің немере-шөберелеріне дейін оқып алып, еңбек етіп жүр. Ел осы бір ұрпақ сабақтастығына, еңбек эстафетасына ерекше сүйсінеді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Махмұт әулетінің орман шаруашылығындағы еңбегі сонау 1971 жылдан басталады. Еңбек бастауының ең ұшында тұрған білікті орманшы Өмірзақ Мұқатайұлы еді. Ең алғаш ол Қарқаралының орман шаруашылығына орманшы болып жұмысқа орналасады. Екі жылдан соң біліктігін білген сол кездегі орман шаруашылығының басшылығы оны бас орманшының көмекшісі ретінде қызметін өсіреді. Бір жыл бойы бас орманшының қасында жүріп, орманға қатысты орасан жұмыстарға бастамашы болады. Бірақ бір жылдан кейін табиғаты тамсантаын Кімәсар шатқалына орманшы болып ауысады. Қауырты шаруа, қарбалас тіршіліктен қашпайды. Денсаулығына байланысты сондай шешім қабылдапты. Ол жерде он жыл еңбек етеді. Жиырма жылғы адал еңбегі еленіп, «Ерен еңбегі үшін» медалі бұйырады. Есімі сол үйде де Алтын кітапқа жазылды.

Өке бастаған ізді ұл-қыздары жалғастырады. Үлкен ұлы Жәнібек 1986 жылдан бастап, Кімәсар шатқалында мемлекеттік инспектор-орманшы болып еңбек етіп келеді. Өкесі ұлына бес жыл қатар жұмыс істегенде бар білгенін

үйретіп кетеді. Соның арқасында шатқалдағы шаруаны шыр айналдырып отыр. Қырық жылға жуық уақыт табан аудармай Кімәсарға келетін туристерге орманның ережесін түсіндіріп, ондағы тоғай мен көлді қызғыштай қорып келеді. Тағы бір ұлы Қаныбек те 2003 жылдан бері осы бір шатқалда орманшы. Ол да әлі осы бір үйренген жерінде. Кімәсардың сай-сайын, әр тасын, қарағай-аршасын, қыбырлаған жәндігіне дейін әбден жаттап алған.

– Өз заманында қадірлі орманшы болған әкеміз бізді бала кезімізден бері осы бір мамандыққа үйретті. Қыздарына дейін орманшының оқуын оқытты. Үйде бес ұл, үш қыз өстік. Барлығымыз демейік, тең жартысы әке жолын жалғадық. Көріп өскен шаруа болған соң жаттық танытпадық. Керісінше, жанымызға жақын болды. Қазір немерелері де, жиендері де осы саладамыз. Табиғатпен жанымыз үндес. Оның үстіне қызметімізді абыройлы атқарсақ, әулетімізбен әкеміздің аманатына адал болсақ дейміз. Осы бір Қарқаралының ну орманын әкеміздің аманатындай көреміз, – дейді Жәнібек Махмұт.

Тағы бір бауыры Қанатбек 2004 жылдан бері Қарқаралы орманшылығында орманшы.



Талғат Өмірзақұлы 2005 жылдан бастап, Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің тау орманшылығының орман шебері. Қарамағында бес инспектор бар. Өздеріне тиесілі аумақты өрттен, заңсыз аң аулап, ағаш кесетіндерден сақтайды.

Ал, Айдарбек 2014-2016 жылдар аралығында Қарқаралы табиғи паркінің бақылау өткізу бекетінде қызмет істеп, Қарағандыға қоныс аударды. Қазір қаланың Пришахтинск бөлігіндегі өрт сөндіру бөлімінде еңбек етіп жүр. Гүлнар Өмірзаққызы 2012-

2016 жылдар аралығында Ұлттық паркте радиооператор ретінде жұмыс атқарды. Яғни, байланыс желісіне жауапты маман болды. Ал, Шынар Өмірзаққызы 2010-2017 жылдар аралығында Қарқаралы ұлттық табиғи паркіне ғылым және мониторинг бөлімінің мониторинг жөніндегі бас маманы қызметін абыроймен атқарды.

Немересі Шыңғыс Жәнібекұлы 2013 жылдан бастап орман шебері болып еңбек жолын бастайды. Кейін атасының ізмен Қарқаралы орман-

шылығында бас орманшысының көмекшісі болып көтеріледі. Қазір осы бір жауапты қызметте.

– Орманшы – мемлекеттің орман қорына жататын барлық өскіннің жақсы өсіп, қорғалуына жауап беретін адам. Ағашты ұрлап кесушілерден ғана емес, өрттен, судан, түрлі өсімдік ауруы мен зиянды жәндіктен қорғау міндеті де бар. Жалпы айтқанда мінсіз қызмет атқару керек. Өмірзақ ағамыздың бұрынғы жолымен келе жатырмын. Ол кісі де бас орманшының көмекшісі қызметін атқарды ғой. Өте жауапты жұмыс. Әкем де бе-

делді орманшы. Мақтан тұтамын. Жауапкершіліктің де жүгі ауыр, – дейді орманшы немересі Шыңғыс.

Тағы бір немересі Әлібек Қаныбекұлы – Қарқаралы ұлттық табиғи паркіне штаттан тыс мемлекеттік инспектор. Бақылау өткізу бекетінде туристерге орман ережесін таныстырады.

Жиені Анар Ойратқызы нағашыларының жолын қуып, Қарқаралы ұлттық паркіне ғылым және мониторинг бөлімінің аға маманы ретінде жұмыс атқарып жүр.

– Орманшылық саласында үш жылдан астам уақыт қызмет атқарып келемін. Нағашы аға-әпкелерім осы салада бірнеше жылдан бері тер төгіп жүр. Бала кезімнен осы кісілердің жұмыстарын қызықтап, көріп өстім. 2016 жылы «Экология» мамандығын аяқтап, 2021 жылдан ұлттық паркте жұмысқа тұрдым. Негізгі лауазымдық міндетім – ғылыми-зерттеулер, далалық жұмыстарға зерттеу жүргізу. Өсімдіктер және жануарлар әлемі бойынша фенологиялық және мониторингтік бақылаулар жүргізу. Онымен қоса, мекеменің баспасөз қызметіндегі жұмыстарды атқарамын, – дейді ол.

Қарқаралыдағы мәуелі бәйтеректей жайқалған орманшылар Отаны осындай тіршілік кешіп жатыр.

Қарқаралы ауданы

Сурет әулеттің жеке мұрағатынан



• ҚҰРМЕТ

Ұлы ақын ұлықталған күн

Бұл ауданның Абай атын алғанына да отыз жылдан асты. Мұнда қала да, шахта, колледж, мектеп, көшелер де Ұлы ақынымыздың есімімен аталады. Сондықтан да, абайлықтардың оның 179 жасқа толған күнін дүркіретіп тойлайтын жөні де бар.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Міне, соған байланысты тура 10 тамызда хакім Абайды ұлықтау шарасы аудандық Мәдениет үйінің алдындағы ескерткіші алдынан бастау алды. Бұл жерде қазақтың ұлттық киімімен гүлдей жайнаған «Дидар» үлгілі би ансамблінің бишілері мың бұрала билеп, ақын ескерткішінің түбіне зейнеткер өнерпаз Ақан Қошубаев келіп тұра калғанда, Абай ағамыз тіріліп келгендей болды. Киген киімі, тұр-тұлғасы мен дөңгелете қойған сақал-мұртына дейін айнымай қалған Ақан ағамыздың өзі Абай туған Шыңғыстау топырағында өсіп-өніп, онмен аталас туысы, кешегі атақты Кенгірбай бидің тікелей ұрпағы болып келеді. Сонысына қарай ол да әлемге мәшһүр бабасының «Өлсем, орным кара жер сыз болмай ма?!» өлеңін тебіреніп тұрып оқыды.

Осы өлеңде айтылғандай, «Өлмей-тұғын артында сөз қалдырған» кеменгер тұлғаның ескерткішіне Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов бастаған жұртшылық өкілдері тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды.

Мереке қызығы одан әрі аудандық Мәдениет үйіне ауысып, онда дәстүрлі «Абай оқуларының» жеңімпаздары марапатталды. Бұл сынға аудан бойынша



7-13 және 14-35 жас аралығында 60 адам қатысып, осы екі санаттың жүлдегерлеріне дипломдар мен 10-25 мың теңге мөлшеріндегі ақша сертификаттары сыйыстың қазылар алқасының төрағасы Ардақ Көккөзова табыстады.

Осы байқауға төрелік еткен қазылар оған қатысушылардың Абай туындыларын таңдауын, мәнерлеп оқу дағдыларын және шығарманы түсіну тереңдігін бағалай келе ортадан оза шыққандарды анықтаған. Соның нәтижесінде 7-13 жас

аралығындағы балалардан 3 үшінші орын Ердімұрат Аллажар, Жәния Бекпаева, Кәусар Асқарқызына бұйырып, ал, екінші орынды Еркін Сағиғай мен Айым Сағиғайды, бірінші орынды Алпамыс Қобыланды иеленді. Аты-жөні зор болғанымен, биыл ғана 1-сыныпты аяқтаған қалақтай ғана Алпамыс Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жатқа оқып, жиналған жұртты тағы тәнтгі етті. Еркін Сағиғай да одан қалыспай, ақынның «Білімдіден шыққан сөз» өлеңін тамаша оқыды.

Ендігі сәтте 14-35 жас санатындағылар марапатталып, III орын алған украин қызы Илария Бондарчук Ұлы Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін қазақша мүдірмей айтып шықса, ал, I орыннан көрінген Зарина Айбекова «Ескендір» поэмасынан үзінді оқып, елді сүйсінтті. Сондай-ақ, Фариза Оразбекқызы бұл санатта екінші орыннан көрінген еді.

Аудандық Мәдениет үйінде жалғасқан Абай күнінде жергілікті өнерпаздар да аянып қалмады. Осындағы қазақ ұлт аспаптары оркестрі әрі ақын, әрі сазгер Абай ағамыздың «Торы жорға» күйін құйқылытса, әншілер Айсулу Әділбекова мен Түсіпбек Қайыртаулы Абай әндерін тамылжыта шырқап, тағылымы мол шараны шымылдығын Баянды Төлеутай Қазақстан туымызды әнмен жапты.

Абай ауданы
Суреттер ұйымдастырушылардан

Дүниежүзілік дода мәреге жетті



Үш аптаға созылған әлемдік доданың, XXXIII Жазғы Олимпиада ойындарының жабылу салтанаты Париж қаласынан он шақырым жерде орналасқан «Станд де Франс» аренасының төрінде өтті. Әлемнің 206 елінен он мыңнан аса спортшы бақ сынаған Олимпиада ойындары біреуге жеңіс, біреуге үміт, енді біріне жігер сыйлады. Ал, Олимпиада ойындарын тамашалау үшін әлемнің түпкір-түпкірінен 15 млн-ға жуық турист барды.

Кеш қонақтары Билли Айлиш, Том Круз, Снуп Догг, Леонардо Ди Каприо сынды жұлдыздар ән шырқап, Париж Олимпиада ойындарының жабылу салтанатына ерекше леп сыйлады. Жазғы Олимпиада ойындарының жабылу салтанатында еліміздің көк Байрағын тағвондошы Батырхан Төлеуғали мен гимнастшы Эльжана Таниева алып шықты.

Халықаралық Олимпиада комитетінің Президенті Томас Бах 2024 жылы Олимпиада ойындарын жабық деп жариялады.

– Мен бүкіл әлем жастарын төрт жылдан кейін Америка Құрама Штаттарының Лос-Анджелес қаласында жиналып, бізбен бірге XXXIV Олимпиада ойындарын атап өтуге шақырамын, – деді Томас Бах.

спортшы Париж Олимпиада ойындарына жолдама алып, жетеуі жеңіс тұғырын бағындырды.

Алтын жүлдені Олимпиаданың алғашқы күні ел қоржынына дзюдодан Елдос Сметов салды. Қазақстандық балуан Олимпиада ойындарында қатарынан үш мәрте медаль алған спортшы ретінде тарихта өшпес із қалдырды. Ал, күміс жүлдені спорттық гимнастикадан Нариман Құрманов, грек-рим күресінен Демеу Жадраев және бокстан Нұрбек Оралбай алды. Сонымен қатар, нысана көздеуден командалық жарыста Ислам Сәтбаев пен Александр Ле, дзюдодан Ғұсман Қырғызбаев және әйелдер боксынан Назым Қызыбай қолға медаль қанжығалады. Қазақстан XXXIII Жазғы Олимпиада ойындарында 1 ал-



Қазақстандық спортшылар Олимпиада ойындарында спорттың 25 түрінде сынға түсті. Олар – дзюдо, бокс, спорттық гимнастика, жеңіл атлетика, байдарка мен каноэде есу, оқпен ату, семсерлесу, грек-рим күресі, еркін күрес, садақ ату, стелдтік ату, теннис, велошосссе, жүзу, заманауи бессайыс, таэквондо, бадминтон, академиялық есу, көркем гимнастика, триатлон, үстел теннисі, құзға шығу және брейкинг. Жалпы, елімізден 80

тын, 3 күміс және 3 қола еншілеп, 206 мемлекет ішінен 41 орында тұр.

Кеш соңында 2028 жылғы Олимпиада ойындары өтетін Лос-Анджелес қаласының мэріне Олимпиада алауы табысталды.

Аружан СЕРІКБАЙ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің III курс студенті

• БӘРЕКЕЛДІ!

Намысты жаныған «Намыс»

Париж Олимпиадасындағы қазақ оғландарының жеңісі жаңа күйді өмірге келуіне түрткі болды. Жат жерде көк Туды желбіретіп, Әнұранды асқақатқан жерлестерге, Қазақстанның олимпиадалық құрамасына арналған музыкалық туынды – қарағандылық Sardar дуэтінің шығармасы. Авторы – жас композиторлар Жәнібек Қазбекұлы мен Бексұлтан Имашев.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Sardar дуэті бір жыл бұрын құрылған. Жас композиторлар № 2 қалалық музыка мектебінде сабақ береді. Сондай-ақ, Қарақат Әбділдинаның студия мектебінде дәріс өткізеді.

– «Намыс» күйі біздің олимпиадашыларға арналды. Осындай күйдің шығуына Елдос Сметов пен Нұрбек Оралбайдың жеңісі әсер етті. Күй тез қарқынмен орындалады және қазақ батырларының бейнесін сипаттайды. Біздің шығармаларымызды тыңдай отырып, жастар атакты спортшылардың жетістіктеріне ұмтылады деп үміттенеміз, – дейді Жәнібек Қазбекұлы.

Музыканттардың алғашқы бірлескен туындыларына авторлық құқық берілген. «Намыс» күйі жақын арада



әлеуметтік желілерде, ресми музыкалық чарттарда жарияланады деп күтілуде. Жақында композиторлар «Қарақат» музыкалық мектеп-студиясының 12 тәрбиеленушісімен бірге Италияға фестивалге барады. Жәнібек пен Бексұлтан жаңа күйді сол фестивалде халық назарына ұсынуды жоспарлап отыр.

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Жүрекке жол тапқан хакім жыры

Бейнелеу өнері мұражайында Абай күніне арналған әдеби-поэтикалық кеш өтті. Зағип және нашар көретін көркемөнерпаздар үйінің қатысушылары Абайдың өлеңдерін оқып, әндерін орындады.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сондай-ақ, мұражайда Абай күніне арналған көрме жұмыс істеді.

– Кеш Абай күніне арналды. Біз зағип және нашар көретін 20 көркемөнерпазбен бірге Абай шығармасының негізінде 15 нөмірден тұратын әдеби-музыкалық композиция дайындадық. Зағип адам үшін Абай шығармашылығы ерекше маңызға ие, өйткені оның шығармалары қиындықтарды жеңуге, рухани өмір сүруге және дамуға күш береді, – дейді Зағип және нашар көретіндер мәдениет үйінің басшысы Полина Угланова.

Суретшілер ойшылдың философиялық және поэтикалық идеяларын кескіндеме жұмыстарына енгізді.

– Музейдегі әдеби-поэтикалық кеш аясында «Түстер де сөзді бойды» өнер



зертханасы көрмесі басталды. Онда қазақстандық, атап айтқанда қарағандылық және ресейлік суретшілердің жұмыстары бар.

Олардың барлығы Абайдың шығармашылығы, өмірі мен қызметі туралы айтады. Экспозицияда 30-дан астам туынды бар. Кескіндеме, графика, мүсін,

сәндік-қолданбалы өнер қамтылған 20 гасырдың 60-жылдарынан бастап, қазіргі кезеге дейінгі жұмыстар ұсынылды, – деді музей басшысы Бибігүл Құдабаева.

Мұражайға келушілер 18 тамызға дейін Абайға арналған көрменен таныса алады.

Сурет облыстық әкімдік сайтынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Арнағар» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДІН
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактордың м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 90 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНАТ**